

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1258 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.10.2019 № 752 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат етілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі N 984 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 29, 326-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9-жолмен толықтырылсын:

"9. Ашық үлгідегі ұлттық нанотехникалық зертхана Алматы қаласы".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң